

**Ертіс аудандық мәслихатының (IV сайланған, XXVII сессиясы) 2010 жылдың 16 маусымдағы "Ертіс ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметін төлеуге тұрғын үй көмегін ұсыну ережелерін бекіту туралы" N 173-27-4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2013 жылғы 17 шілдедегі N 87-20-5 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 20 тамызда N 3593 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2013 жылғы 30 қазандағы N 109-23-5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 30.10.2013 N 109-23-5 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабына сәйкес, Ертіс аудандық мәслихат

### **Ш Е Ш І М**

### **Е Т Е Д І :**

1. Ертіс аудандық мәслихатының (IV сайланған, XXVII сессиясы) 2010 жылдың 16 маусымдағы "Ертіс ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметін төлеуге тұрғын үй көмегін ұсыну ережелерін бекіту туралы" N 173-27-4 шешіміне (бұдан әрі - ережелер) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-7-105 болып тіркелген, 2010 жылғы 5 тамыздағы "Ертіс нұры" N 67, 2010 жылғы 5 тамыздағы "Иртыш" N 67 газеттерінде жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесінде:  
"7), 15) тармақшаларымен" сөздері "15) тармақшасымен" сөзімен ауыстырылсын;

ережелердің 9 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1) өтініш иесі жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үйге құқықты белгілейтін құжаттың көшірмесі (жекешелендіру келісім-шарты, сатып алу - сату келісім-шарты, мемлекеттік тұрғын үй қорынан

немесе жергілікті атқарушы органдармен жалға алынған жекеше тұрғын үй қорынан тұрғын үй жалдау келісім-шарты және т.б.);

3) тұрғылықты жерінен мекен-жай анықтамасы;

4) отбасы мүшелердің табысы туралы құжаттар;

5) I және II топтағы мүгедектердің, 18 жасқа дейінгі мүгедек-балалардың, 80 жастан асқан тұлғалардың күтімін іске асыратын тұлғаларды, 3 жасқа дейінгі баланың күтімімен айналысатын және де 4, одан да көп балаларды күтетін тұлғалардың отбасында бар екенін растайтын құжаттар;

6) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

7) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

8) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек - шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

9) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

10) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын түбіртек-шот.";

ережелердің 10 тармағы алып тасталсын;

ережелердің мынадай мазмұндағы 13-1 тармағымен толықтырылсын:

"13-1. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу үшін жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша, сондай-ақ екешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге жеткізуші ұсынған шот бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.";

ережелердің 1 қосымшаның кестесінде:

"литр" сөзі "теңге" сөзімен ауыстырылсын;

"40" сөзі "87" цифрмен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қ. Дюсембенев*

*мәслихатының хатшысы*

*Е р т і с                    а у д а н д ы қ*  
*Ж. Бесплаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК